

«Аягүл» бөбекжай-бақшасы МКҚК
Экстремизм мен терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз
ету бойынша кеңесінің
Хаттама №1

Б.Момышұлы ауылы

Күні: 29.09.2025

Қатысқаны: 40

Қатыспағаны: 35 (себепті жағдаймен)

Хаттамалаған: С.Әділбек

Күн тәртібіндегі мәселе :

«Экстремизм мен терроризмге қарсы күрес» іс –шаралар жоспарымен ұжымды
таныстыру (С.Әділбек)

«Терроризмге қарсы күрес» ҚР Заңымен таныстыру (С.Бортешова)

Тыңдалды.

С.Әділбек Экстремизм мен терроризмге қарсы қорғалуын қамтамасыз ету бойынша 2025-2026 жылында өткізілетін іс-шаралар жоспарымен таныстырып ,жоспардағы көрсетілген іс –шаралардың өтілуін педагогтарға жүктеп түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

С.Бортешова «Терроризмге қарсы күрес» ҚР Заңымен таныстырып түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сөз сөйлегендер:

Г.Оңғарова кәсіподақ комитетінің төрайымы : «Терроризм» деген сөздің өзі қоғам арасында алауыздық тудырып ,тыныштықты бұзатын ,адамзат баласына қауіп қатер төндіретін ұғым.Олар өз мүдделерін жүзеге асыру үшін небір озбыр әрекеттерге барады .Өскелең ұрпаққа бейбіт өмірінің маңызын ,мейрімділік пен ізгіліктің,адамдарға жақсылық жасай білудің өмірдегі басты ұстаным екенін ұғындыруымыз қажет деп пікір білдірді .

Қызметкерлер айтылған сөздерге қосылып ,кұптайтындықтан білдірді.

Шешімі:

Жоспар бойынша жүктелген жауапты қызметкерлер келісіп ,бір ауыздан мақұлданды.

Төрайымы:



С.Бортешова

Хатшы:



С.Әділбек

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Жуалы ауданының білім бөлімінің
«Аягүл» бөбекжай-бақшасы МКҚК



«Бекітемін»

«Аягүл» бөбекжай-бақшасы
МКҚК меңгерушісі м.у.а

С.Бортешева

Терроризмге қарсы күрес» ҚР

Заңымен (таныстыру)

меңгерушісі м.у.а: С.Бортешева

Бауыржан Момышұлы ауылы

2025

«Терроризмге қарсы күрес» ҚР Заңымен таныстыру

Негізгі заңнамалық актілер

1. «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі № 416-І Заңы

Бұл — терроризмге қарсы күресті реттейтін басты заң.

Заңда терроризмге қарсы іс-қимылдың мақсаттары, принциптері, қатысушы органдардың құқықтары мен міндеттері, терроризмге қарсы операциялар, терроризм актісін болдырмау тәртібі, деректерді хабарлау міндеті сияқты мәселелер қарастырылған.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне терроризмге қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы (2013 жылғы № 63-V)

Бұл заңмен терроризмге қарсы іс-қимыл саласындағы мемлекеттік жүйенің құқықтық негіздері жаңартылды, ведомстволардың құзыреттері нақтыланды, заңдардағы қайшылықтар жойылды, профилактикалық шараларды ұйымдастыру жөнінде норма енгізілді.

3. Заңнамалық өзгерістер терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды күшейту мақсатында

2020 жылы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру мен терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңдарға түзетулер енгізілді.

Кейбір маңызды қағидалар мен нормалар

- Хабарлау міндеті

Қазақстан Республикасының азаматтары дайындалып жатқан немесе жасалған терроризм актісі туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік органдарға хабарлауға міндетті.

- Терроризмге қарсы операциялар

Заңда терроризм актісінің жолын кесу, ары қарайғы зардаптарын барынша азайту, террористермен келіссөз жүргізу, олардың қаруын залалсыздандыру, адам өмірін қорғау т.б. нормалар қарастырылған.

Жағдай қажет болса, терроризмге қарсы операцияның басшысы террористі немесе террористерді жою туралы шешім қабылдауға құқылы.

- Террористік тұрғыдан осал объектілер (ТТО)

Бұл — терроризмге күше түсу ықтималдығы жоғары объектілер. Қауіпсіздік талаптары, қорғау шаралары, оларды қорғау паспорттары және бақылау тәртібі заңмен реттеледі.

Заңмен ТТО объектілерінің меншік иелеріне терроризмге қарсы қорғаныс жүйесіндегі кемшіліктерді жоюға мерзім беру талаптары жүктеледі.

- Құқықтық режимдер және шектеулер

Терроризмге қарсы операция өткізу аймағында уақытша құқықтық режимдер енгізілуі мүмкін (нақты шектеулер, тәртіп, бақылау).